

"2011 жылға Аққайың ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме ақы және үй алу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы" 2011 жылғы 10 наурыздағы N 27-2 мәслихат шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 шілдедегі N 32-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 22 тамызда N 13-2-137 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 04-07/1933 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің 02.04.2013 № 04-07/1933 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 7-бабы 3-тармағы 4) тармақшасына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 753 қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. «2011 жылға Аққайың ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме ақы және үй алу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы» № 27-2 2011 жылғы 10 наурыздағы мәслихат шешіміне (2011 жылғы 7 сәуірдегі № 13-2-130 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 28 сәуірдегі № 20 «Аққайың», 2011 жылғы 28 сәуірдегі № 19 «Колос» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«2) өтініш түскен кезеңнен тұрғын үй алу үшін мамандардың өтінген сомасында бюджеттік кредит сомасы бір мың бес жүз есептік айлық

көрсеткіштен аспайтын әлеуметтік қолдауды.».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*IV шақырылған XXII сессияның
төрағасы*

*Аудандық
мәслихатының хатшысы*

А. Фильберт

Б. Біләлов

«КЕЛІСІЛДІ»: 2011 жылғы 29 шілде

*«Аққайың аудандық ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы С. Әбділманов*

*«Аққайың аудандық экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы Т. Власова*